

# «Ыбырай оқулары – 2021»

Арқалық қаласы әкімдігінің Тілдерді оқыту орталығының үйымдастыруымен Қазақстан Халықтарының Тілдері күні және Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай 18-29 жас аралығындағы үміткерлер арасында «Ыбырай оқулары -2021» қалалық онлайн байқауы өтті.



**Мурат  
ЖУНІСҰЛЫ**

Байқауға кала және ауыл мектептерінің мұғалімдері мен колledge оқытушыларынан 9 үміткер қатысты. Байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезең бойынша қатысушылар Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына арнау өлең шығарды. Екінші кезеңде латын графикасында Ы.Алтынсарин әңімелерінен (сонғы нұскадағы алфавит бойынша) үзінді оқыса, үшінші кезеңде Ыбырайдың өлең-

дерін жатқа оқыды.

Нәтижесінде қазылар алқасының шешімімен I орынға Б. Майлін атындағы №3 жалпы білім беретін мектебінің үстазы Асылхан Сөлімжан, II орынға Ы.Алтынсарин атындағы гимназия мұғалімі Анар Гиссинова, III орындарға Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебінін мұғалімі Әсемгүл Ниязбек пен А.Құнанбайұлы атындағы №6 мектеп-гимназиясының үстазы Айнагүл Сапабекова ие болды.

Орталығымызда мұндан шоқтығы бік іс - шаралар жиі өтеді. ҚР Конституция күніне орай орталық тындаушылары арасында онлайн жүйеде «Айбыны асқақ Ата Зан» атты интеллектуалдық танымдық сабак өткізді. Тындаушылар белсенді қатысып, кызықты ақпарат алып, тест сұрақтарына жауап берді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздік – тұғырым" такырыбында диктант өтті. Қазақстан Республикасы Халықтарының Тілдері күні мерекесіне орай ағылшын тілінен «My chosen profession» атты зияткерлік сайыс - сабак өтті. Сабакқа қала және ауыл

мектептерінің үстаздары қатысты.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының базасында «Жаңаша жазып жаттығамыз» тәжірибе - сабагы өтті. Оны институттын аға оқытушысы Ардак Абдуллина жүргізді. И - шараларымыздың барлығына қатысушылар зор жауапкершілікпен атсалысады», – дейді қалалық Тілдерді оқыту орталығы директорының міндетін аткарушы Жазира Смагұлова.

Жүлдегерлер мен қатысушылар бағалы сыйлыктармен, орталықтын Алғыс хаттарымен мараппатталды.

Арқалық қаласы.